

# "KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2024 жылдың 29 наурызындағы  
№ 5 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2024 жылдың XX айынан бастап<sup>1</sup>  
**қолданысқа енгізілді**

## Валюталық нарықта мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Өзірлеуші: Есеп айырысу палатасы

Алматы қ.

2024

<sup>1</sup> Валюталық нарықта және деривативтер нарығында Клиринг орталығының жұмысы басталған күннен бастап қолданысқа енгізумен.

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгерту және толықтырулар:**

- "KASE Клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылдың 01 тамызындағы № 16 отырыс хаттамасы);
- 2024 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Валюта нарығында мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына, "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесінде жүргізілетін шетел валюталарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдер, сондай-ақ төмендегі ұғымдар пайдаланылады:
  - 1) **банктік шот** – клирингілік қатысушының атына ашылған, осы клирингілік қатысушының талаптарын төлеуге Клиринг орталығынан түсетін ақшаны есепке алу үшін пайдаланылатын теңгедегі және/немесе шетел валютасындағы банктік шот;
  - 2) **кепілдік жарна** – клирингілік қатысушының валюта нарығының клирингілік кепілдік беру қорына жарнасы;
  - 3) **Клиринг орталығының қорытынды міндеттемелері** – Клиринг орталығының клирингілік қатысушылары алдындағы клирингілік қатысушыларының Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелерінен бос және Клиринг орталығының сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша клирингілік қатысушыларының пайдасына жіберуі үшін қол жетімді сомалар мөлшеріндегі және ағымдағы жұмыс күні үшін соңғы клирингілік сессия аяқталғаннан кейінгі Клиринг орталығының міндеттемелері;
  - 4) **Ұлттық Банк** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
  - 5) **банктік емес ұйым** – заңнамаға және (немесе) оған берілген лицензияға сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға;
  - 6) **нетто-міндеттеме** – клирингілік қатысушының ұлттық және/немесе шетел валюталарымен өткізілетін Биржалық сауда-саттыққа қатысуы нәтижесінде туындаған және сол уақыт сәтіндегі және сол валютадағы оның Биржа өткізетін шетел валюталарымен өткізілетін сауда-саттыққа қатысуы нәтижесінде туындаған талаптарының сомасына азайтылған белгілі бір уақыт сәтіндегі Клиринг орталығының алдындағы міндеттемесі;
  - 7) **нетто-сатып алушы** – шетел валютасында нетто-талабы (шетел валютасында нетто-талаптары) бар клирингілік қатысушы;
  - 8) **нетто-сатушы** – шетел валютасында нетто-міндеттемесі (шетел валютасымен нетто-міндеттемелері) бар клирингілік қатысушы;
  - 9) **нетто-талап** – клирингілік қатысушының Клиринг орталығына белгілі бір уақыт сәтінде оның Биржа өткізетін шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысуы нәтижесінде туындаған және сол уақыт сәтіндегі және сол валюта бойынша оның Биржа өткізетін шетел валюталарымен сауда-саттыққа қатысуы нәтижесінде туындаған міндеттемелерінің сомасына азайтылған ұлттық және/немесе шетел валюталарындағы талабы. Нетто-талап клирингілік қатысушының Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарындағы маржалық немесе кепілдік жарналарды немесе клирингілік қатысушының өзге де ақшасын қайтару жөніндегі талабын қамтымайды;
  - 10) **қамтамасыз ету** – кепілдік жарналарды қоспағанда, клирингілік қатысушы Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына есептеген ақша;

- 11) **қызмет көрсететін банк** – клирингілік қатысушыға немесе Клиринг орталығына банк шотын ашқан банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым;
  - 12) **Клирингілік ережелер** – Клиринг орталығының Директорлар кеңесі бекіткен "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру ережелері";
  - 12-1) **санкциялық шектеулер** – Клирингілік орталықтың қызметіне әсер ететін басқа мемлекет, мемлекеттер бірлестігі, халықаралық ұйымдар мемлекетке (юрисдикцияға), оның аумағының бір бөлігіне, экономиканың жекелеген салаларына немесе тауарлар топтарына, жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты қабылдайтын қаржылық және экономикалық шектеулер. Осы мақсаттар үшін Клирингілік орталық келесі Санкциялар тізімдерін анықтады: Америка Құрама Штаттарының Қаржы министрлігі (OFAC), Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі (OFSI) және Еуропалық Одақ (UK Council) *(осы тармақша Клирингілік орталықтың Директорлар кеңесінің 2024 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілген)*;
  - 13) **мәмілелер** – Биржаның валюта нарығында жасалған мәмілелер, оның ішінде валюталық своп операцияларына жататын мәмілелер;
  - 14) **есепке алу шоты** – ашылуы мен жүргізілуін Клиринг орталығының Биржаның сауда-саттық жүйесінде өткізілетін сауда-саттыққа байланысты есеп айырысулар бойынша ақшаны есепке алудың жалпы шарттары мен тәртібін реттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатына сәйкес клирингілік қатысушылардан Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына түсетін ақшаны есепке алу мақсатында жүзеге асыратын Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесіндегі клирингілік қатысушының шоты (банктік шот болып табылмайды);
  - 15) **Орталық депозитарий** – "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ.
3. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа мен Клиринг орталығының басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар мен терминдерге ұқсас болады.
  4. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Клиринг орталығының басқа ішкі құжаттарында және хат алмасуларында қолданылуы мүмкін.

## 2 бап. Есеп айырысу туралы жалпы қағидалар

1. Есеп айырысулар мыналарды қамтиды:
  - 1) клирингілік қатысушылардың Клиринг орталығының пайдасына теңгемен және/немесе шетел валютасымен төлемдер жүргізуі:

клирингілік қатысушыларының клиринг орталығы алдындағы нетто-міндеттемелерін орындау үшін клиринг нәтижелері бойынша анықталған нетто-міндеттемелердің сомаларын Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына аудару арқылы;

биржалық сауда-саттықта жасалатын мәмілелерді қамтамасыз ету мақсатында;
  - 2) Клиринг орталығының клирингілік қатысушылардың пайдасына теңгемен және/немесе шетел валютасымен төлемдер жүргізуі:

клирингілік қатысушылардың клиринг орталығына нетто-талаптарын орындау үшін клиринг нәтижелері бойынша анықталған нетто-талаптардың сомаларын Клиринг орталығының есепке алу жүйесінің

ішінде клирингілік қатысушылардың есепке алу шоттарына есепке алу арқылы;

клирингілік қатысушылардың өтініштеріне сәйкес клирингілік қатысушылардың корреспонденттік шоттарынан клирингілік қатысушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы ақша аудару туралы клирингілік қатысушылардың талаптарын орындау үшін;

клирингілік қатысушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы Клиринг орталығының клирингілік қатысушылар алдындағы қорытынды міндеттемелерін орындау үшін.

2. Клирингілік қатысушы үшін есеп айырысуды жүзеге асыруға:
  - 1) Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелерді орындау кезінде – Клирингілік ережелерге сәйкес қалыптастырылған және клирингілік қатысушыларға ұсынылған клирингілік есептер;
  - 2) клирингілік қатысушылар мәмілелерді қамтамасыз ету ретінде Клиринг орталығының корреспонденттік шотына ақша аударған кезде – клирингілік қатысушылар дербес анықтайтын құжаттар негіз болады.
3. Клирингілік ережелерге сәйкес қалыптастырылған клирингілік есептерді есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін пайдалану Клирингілік ережелерге сәйкес осындай есептерді салыстыру және түзету процедуралары аяқталғаннан кейін ғана мүмкін болады.
4. Клиринг орталығының клирингілік қатысушыларының пайдасына шетел валюталарымен сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруы үшін:
  - 1) белгілі бір клирингілік сессия аяқталғаннан кейін қалыптастырылған қорытынды нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелердің электрондық жиынтық ақпаратізімдері;
  - 2) осы Ережелердің 8 бабына сәйкес жасалған клирингілік қатысушылардың өтініштері;
  - 3) сол күні соңғы клирингілік сессия аяқталғаннан кейін қалыптастырылған сауда-саттық күні мен клиринг нәтижелері бойынша Клиринг орталығының қорытынды міндеттемелерінің электрондық ақпаратізімдері негіз болып табылады.
5. Есеп айырысу Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарын пайдаланумен ғана жүзеге асырылады.
6. Клиринг орталығы есеп айырысуды тек қана "төлемге қарсы төлем" тәртіптемесінде жүзеге асырады, бұл Клиринг орталығының клирингілік қатысушының талаптарын осы клирингілік қатысушысы Клиринг орталығы алдындағы клирингілік ережелерге сәйкес анықталатын міндеттемелерін толық орындағаннан кейін ғана орындауға болатынын білдіреді.
7. Есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде клирингілік қатысушы Клиринг орталығының корреспонденттік шотына (корреспонденттік шоттарына) ақшаның есептелуін қамтамасыз етуге міндетті.

Клирингілік қатысушыларының Клиринг орталығының корреспонденттік шотына ақшаны есепке алуын растау үшін Клиринг орталығы өзінің корреспондент банкерінің құжаттарын ғана басшылыққа алады. Клирингілік қатысушылар ұсынған құжаттарды мұндай растау ретінде Клиринг орталығы қабылдамайды және қарамайды.

8. Клиринг орталығы Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына клирингілік қатысушылардан нетто-міндеттемелерді төлеу ретінде түскен ақшаны бірдейлендіру және бөлек ішкі есепке алу мақсатында қамтамасыз етуді немесе кепілдік жарналарды енгізу кезінде клирингілік қатысушылар төлем құжаттарында төлем түрін білдіретін және ақшаны Клиринг

орталығының ішкі есепке алу жүйесіндегі есепке алу шоттары бойынша біржақты бөлуге мүмкіндік беретін арнайы кодты көрсетуге тиіс.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген арнайы кодтар клирингілік қатысушы осы Ережелерге 7 қосымшаның нысаны бойынша өтініш берген кезде Клиринг орталығы осы клирингілік қатысушының пайдасына ақша аударуды жүзеге асыруы қажет банк шотының деректемелерін анықтау мақсатында белгіленуге тиіс.

Арнайы кодтар Клиринг орталығының есеп жүйесінде клирингілік қатысушылардың меншікті немесе клиенттік ақшаларын сәйкестендіру және есепке алу үшін де көрсетілуі тиіс. Төлем құжатында түскен төлемді клирингілік қатысушының меншікті немесе клиенттік ақшасы ретінде сәйкестендіретін код болмаған кезде мұндай төлемнің сомасы клирингілік қатысушының меншікті есеп шотына есептеледі.

Мұндай кодтардың тізімін Клиринг орталығының есеп айырысу бөлімшесіне жетекшілік ететін Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі бекітеді және Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.

### 3 бап.

#### Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары

1. Клиринг орталығы кепілдік жарналарды сақтау және клирингілік қатысушыларды қамтамасыз ету үшін, есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін Ұлттық Банктегі және қызмет көрсететін банктердегі теңгедегі және шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарды пайдаланады.

Клиринг орталығының Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттары Клиринг орталығының сақтық корреспонденттік шоттары болып табылады және Клиринг орталығының биржалық саудасаттық нәтижелері бойынша есеп айырысу міндеттемелерін орындау және Клиринг орталығының басқа қызмет көрсететін банктердегі Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары арқылы шетел валютасымен жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда ғана валюта нарығындағы дефолтты болдырмау мақсатында биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүргізу үшін қолданылуы мүмкін.

2. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары Клиринг орталығы Басқармасының Клиринг орталығының "Клиринг орталығының корреспондент-банктерін шолу және мониторингілеу тәртібі" атты ішкі құжатында белгіленген тәртіппен қабылданатын тиісті шешімдерінің негізінде ашылады.
3. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарының тізімі және олардың деректемелері мен нысаналы мақсаты туралы мәліметтер Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.

Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарының тізімі және/немесе олардың деректемелері өзгерген жағдайда Клиринг орталығы бұл туралы клирингілік қатысушыларды оларға электрондық пошта арқылы жеке хабарламалар жіберу және/немесе Клиринг орталығының интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаларды және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарының өзгертілген тізімін және/немесе өзгертілген деректемелерін жариялау арқылы хабардар етеді.

Клиринг орталығы өз корреспонденттік шоттарының тізімінің және/немесе деректемелерінің өзгергені туралы Клиринг орталығының өзгертілген тізімін және/немесе өзгертілген корреспонденттік шоттарының деректемелерін есептеу кезінде оларды қолдану басталған күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей клирингілік қатысушыларды хабардар етуге міндетті. Клиринг орталығы өзінің корреспонденттік шоттарының тізімін және/немесе деректемелерін өзгерту туралы ақпаратты интернет-ресурста жариялаған

кезде Клиринг орталығы клирингілік қатысушының хабардар еместігі үшін жауапты болмайды.

**4 бап. Клирингілік қатысушылардың банктік шоттары**

1. Клиринг орталығынан түсетін теңгені және шетел валютасын есепке алу үшін клирингілік қатысушылар меншікті ақшаны есепке алу үшін бірнеше банк шоттарын және клиенттік ақшаны есепке алу үшін бірнеше банк шоттарын анықтауға және пайдалануға құқылы.
2. Клирингілік қатысушы Клиринг орталығымен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін шетел валютасындағы банк шоттарын дербес анықтайды (осы баптың 3 тармағында белгіленген шоттарды қоспағанда). Бұл ретте Ұлттық Банк өзінің сенімгерлік басқаруындағы активтерді сегменттелген есепке алу мақсатында Клиринг орталығымен осындай активтер есебінен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін шетел валюталарындағы жеке корреспонденттік шотты (жекелеген корреспонденттік шоттарды) анықтай алады.
3. Клиринг орталығымен қытай юанінде есеп айырысуды жүзеге асыру үшін қытай юані бойынша маркет-мейкерлер болып табылмайтын клирингілік қатысушылар Клиринг орталығының қытай юанінде корреспонденттік шоттары ашылған банктерде (бұдан әрі - Клиринг орталығының қытай юані бойынша корреспондент-банктері) ашылған қытай юаніндегі өз банктік шоттарын ғана пайдалана алады.

Клиринг орталығының қытай юаны бойынша корреспондент-банктерінде банктік шоттары ашылмаған клирингілік қатысушылар, Клиринг орталығымен есеп айырысу үшін Орталық депозитарийде және/немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған банк шоттарын пайдалана алады, мұндай кезде Орталық депозитарий және/немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері қытай юанінде төлемдерді Клиринг орталығының корреспондент-банктерінде өздері ашқан қытай юаніндегі корреспонденттік шоттар арқылы ғана жүзеге асыруы тиіс.

5. Клирингілік қатысушылар Клиринг орталығына осы Ережелерге 1 қосымшаның нысаны бойынша клирингілік қатысушылардың талаптарын төлеуге Клиринг орталығынан түсетін теңгені есепке алуға арналған банк шоттарының деректемелерін беруге міндетті.

Клирингілік қатысушылар Клиринг орталығына осы Ережелерге 2 қосымшаның нысаны бойынша Клиринг орталығымен есеп айырысуды жүзеге асыруға арналған шетел валютасындағы банк шоттарының тізімдері мен деректемелерін беруге міндетті.

6. Клирингілік қатысушылар осы баптың 4 тармағына сәйкес деректемелері мен тізімдері Клиринг орталығына берілген банк шоттарының деректемелерінің өзгергені немесе жабылғаны туралы Клиринг орталығын дереу хабардар етуге міндетті.
7. Клиринг орталығы клирингілік қатысушының Клиринг орталығына банк шоттарының дәйексіз деректемелерін беруінің салдары үшін жауапты болмайды.

Клирингілік қатысушы Клиринг орталығының осындай дәйексіз деректемелерді пайдалануына байланысты Клиринг орталығының ықтимал залалдарын өтеуді қоса алғанда, осы баптың 5 тармағында белгіленген міндеттерді бұзу салдары үшін жауапты болады.

**5 бап. Корреспонденттік шоттардағы ақшаның ішкі есебі**

1. Клиринг орталығының осы Ережелердің 3 бабында көрсетілген корреспонденттік шоттарына клирингілік қатысушылардан түсетін ақшаны

Клиринг орталығының ішкі есепке алуы мақсатында Клиринг орталығы есепке алу шоттарын ашады және жүргізеді.

2. Есепке алу шоттары банк шоттары болып табылмайды және Клиринг орталығы ақпараттық жүйелерде орталық контрагенттің функцияларын валюталық нарықта орындай отырып, клиринг қызметін жүзеге асыруға байланысты туындайтын оның активтері мен міндеттемелерін ішкі есепке алу мақсатында ғана жүзеге асыратын жазбалардың жиынтығын білдіреді
3. Есепке алу шоттары Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесінің бөлігі болып табылады, оның жұмыс істеуі Клиринг орталығының Басқармасы бекіткен Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
4. Есепке алу шоттары валюта нарығының клирингілік қатысушыларына ашылады. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларға клирингілік қатысушы мәртебесі берілген, олар клирингілік қатысушы ретінде қызметті жүзеге асырған кезде оларға тиісінше есепке алу шоттарын дербес ашады, жүргізеді және оларды клирингілік қатысушы мәртебесінен айырған кезде оларды жабады. Бұл ретте клирингілік қатысушы тарапынан есепке алу шотын ашу, жүргізу немесе жабу үшін ешқандай іс-қимыл көзделмейді.

Есепке алу шоттарын ашу, жүргізу және жабу негіздері, тәртібі мен мерзімдері Клиринг орталығының ішкі құжаттарында анықталады.

#### **6 бап. Клирингілік қатысушылардың Клиринг орталығының пайдасына төлемдері**

1. Валюталық нарықтың кепілдік беру қорына жарналарды жүзеге асыру кезінде клирингілік қатысушы Клиринг орталығы анықтаған және Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланған Клиринг орталығының корреспонденттік шотына ақшаның есептелуін қамтамасыз етуге міндетті.
2. Нетто-сатып алушы болып табылатын "қамтамасыз етілмеген" немесе "ішінара қамтамасыз етілген" клирингілік қатысушы есеп айырысу-клирингілік сессияларды өткізу уақытын регламенттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатында белгіленген мерзімнен кешіктірмей өзінің нетто-міндеттемелерінің теңгедегі төлемінің Клиринг орталығының корреспонденттік шотына есептелуін қамтамасыз етуге міндетті.
3. Нетто-сатушы болып табылатын "ішінара қамтамасыз етілген" санатының клирингілік қатысушысы өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін сатылған шетел валютасын Клиринг орталығының есеп айырысу-клирингілік сессияларды өткізу уақытын реттейтін ішкі құжатында белгіленген мерзімнен кешіктірмей Клиринг орталығының корреспонденттік шотына есепке алуды қамтамасыз етуге міндетті.

Нетто-сатушы болып табылатын "қамтамасыз етілмеген" санатының клирингілік қатысушысы өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін өзі сатқан шетел валютасын есеп айырысуды жүзеге асыру күні ішінде Клиринг орталығының корреспонденттік шотына есепке алуды қамтамасыз етуге міндетті.

4. "Толық өтеумен" санатының клирингілік қатысушысы өзі сататын шетел валютасын және/немесе қазақстандық теңгені сауда-саттық жүйесіне шетел валютасын сатуға және/немесе шетел валютасын сатып алуға өтінім берген сәтке дейін Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына өзі сатып алатын шетел валютасын төлеуге есептеуді қамтамасыз етуге міндетті.
5. Шетел валютасын нетто-сатушы болып табылатын клирингілік қатысушы Клиринг орталығына осы Ережелерге 4 қосымшаның нысаны бойынша Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарының қайсысына ол сатқан шетел валютасы есепке алынатыны туралы хабарлама беруге міндетті. Хабарламаға клирингілік қатысушының уәкілетті тұлғасы қол қоюға тиіс. Осы Ережелерге 4 қосымшаның нысаны бойынша хабарламалар Клиринг



орталығына "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық нысанда не қағаз тасымалдағышта ұсынылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген хабарламаларды қабылдау уақыты – хабарламаларды қабылдау уақыты есеп айырысуды жүргізу күні Астана қаласының уақытымен сағат 12.00-де аяқталатын қытай юаньдерінің нетто-сатушыларын қоспағанда, барлық шетел валюталарының нетто-сатушылары үшін есеп айырысуды жүзеге асыру күні Астана қаласының уақытымен сағат 16.00-ге дейін.

6. Клиринг орталығы осы баптың 5 тармағында көрсетілген хабарламаны алмаған кезде бұрын ұсынылған осыған ұқсас хабарламалардың соңғысының күші болады.
7. Осы баптың 6 тармағында белгіленген ерекшелікті ескере отырып, осы баптың 5 тармағында көрсетілген хабарлама клирингілік қатысушының өзі сатқан шетел валютасын Клиринг орталығының хабарламада көрсетілген корреспонденттік шотына (корреспонденттік шоттарына) Клиринг орталығының есеп айырысу-клирингілік сессияларын өткізу уақытын регламенттейтін ішкі құжатында белгіленген мерзімнен кешіктірмей есептеу жөніндегі міндеттемесі болып табылады.

Клирингілік қатысушы хабарлау шарттарын бұзғаны үшін есеп айырысу мерзімдерін бұзғаны үшін секілді жауаптылықта болады.

8. "Ішінара қамтамасыз етілген" санатындағы клирингілік қатысушы биржалық сауда-саттықта жасалатын мәмілелерді қамтамасыз ету мақсатында валюта нарығындағы сауда-саттық күні басталғанға дейін де, сондай-ақ осындай сауда-саттық күні ішінде де Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына теңге және/немесе шетел валютасын аударуға құқылы.
9. "Толық өтеумен" санатының клирингілік қатысушысы осындай өтінімдерді беру сәтіне дейін сауда-саттық жүйесіне шетел валютасын сатып алуға және/немесе сатуға өтінім беру үшін Клиринг орталығының тиісті корреспонденттік шоттарына теңгені және/немесе шетел валютасын аударуға құқылы. Бұл ретте мұндай есептеу валюта нарығындағы сауда-саттық күні басталғанға дейін де, сол сияқты осы сауда-саттық күні ішінде де жүзеге асырылуы мүмкін.
10. Есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде клирингілік қатысушы Клиринг орталығының пайдасына төлемдер жүргізуді тек қана өзінің банктік шоттарынан жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген шектеу Клиринг орталығының Басқарма Төрағасының немесе Клиринг орталығының есеп айырысу бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесінің жазбаша рұқсатымен клиринг қатысушысының Клиринг орталығы алдындағы міндеттемелерін дербес орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылмауы мүмкін. Бұл жағдайда клирингілік қатысушы өзінің міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі себептерінің сипаттамасын, сондай-ақ клирингілік қатысушының міндеттемелерін орындау бойынша төлемді жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы мен банктік деректемелерін қамтитын өтініш беруге тиіс. Өтінішке Клиринг орталығына берілген қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес осы клирингілік қатысушының атынан бірінші қол қою құқығы бар тұлға қол қоюға тиіс.

11. Клирингілік қатысушының клирингілік қатысушыға және/немесе оның клиентіне, сондай-ақ оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне санкциялық шектеулер қолданылған жағдайда, Клирингілік орталықтың пайдасына ақша аударуға құқығы жоқ.

Клирингілік қатысушы санкциялық шектеулер қолданылған клирингілік қатысушының қызмет көрсетуші банкінің банктік шотын пайдалана отырып төлемді жүзеге асырудың салдары үшін жауапты болады (*осы тармақ Клирингілік орталықтың Директорлар кеңесінің 2024 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілген*).

**7 бап. Клиринг орталығының клирингілік қатысушылардың пайдасына төлемдері**

1. Клиринг орталығының клирингілік қатысушылардың пайдасына төлемдері:
  - 1) Клиринг орталығының қорытынды міндеттемелерін орындау төлемдері;
  - 2) клирингілік қатысушыларына олардың өтініштеріне сәйкес төлемдер болып бөлінеді.
2. Клиринг орталығы осы баптың 3 тармағында белгіленген нұсқауды қоспағанда, осы Ережелерге 3 қосымшада көрсетілген уақытқа дейін клиринг орталығының қорытынды міндеттемелерін орындау үшін корреспондент банктерге клирингілік қатысушыларына ақша аударуға нұсқау жібереді.
3. Клиринг орталығы клирингілік қатысушы ақшаны Клиринг орталығының корреспонденттік шотына уақтылы есептемеген жағдайда немесе Клирингілік ережелерге сәйкес жосықсыз немесе дәрменсіз клиенттің міндеттемелерін орындамауды реттеу процедурасын жүргізген жағдайда корреспондент банкке (корреспондент банктерге) осы Ережелерге 3 қосымшада көрсетілген уақыттан кеш жеке нұсқау беруге құқылы.
4. Клиринг орталығының қандай да бір күні клирингілік қатысушының пайдасына төлемдер сомасы осы Ережелерге 5 қосымшаның нысаны бойынша клирингілік қатысушы ұсынған Клиринг орталығының корреспонденттік шотындағы ақшаны сақтау туралы, ақшаны Клиринг орталығының корреспонденттік шотында сақтау туралы өтініште көрсетілген сомаға, сондай-ақ қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді ескере отырып, клиринг қатысушысының Клиринг орталығы алдындағы орындау мерзімі басталған орындалмаған міндеттемелер сомасына азайтылуы тиіс.
5. Клиринг орталығы өзінің корреспондент-банкіне клирингілік қатысушыға қамтамасыз етуді осы Ережелерге 8 бабына сәйкес қалыптастырылған және Клиринг орталығына берілген клирингілік қатысушының пайдасына аудару туралы өтінішті (бұдан әрі – қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтініш) орындау үшін ақша аударуға нұсқауды осы Ережелерге 3 қосымшада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей (осы баптың 6 және 7 тармақтарында белгіленген шектеулерді ескере отырып) беруге міндетті.

Клирингілік орталықтың корреспондент-банкіне клирингілік қатысушыға ақша аударуға нұсқау берілгеннен кейін қамтамасыз етуді аудару туралы өтініш кері қайтарып алынбайды (*осы абзац Клирингілік орталықтың Директорлар кеңесінің 2024 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілген*).
6. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген өтініштерді алған кезде Клиринг орталығы олардың осы Ережелердің 8 бабында белгіленген шарттарға сәйкестігін тексереді. Клиринг орталығы, егер мұндай өтініш осы Ережелердің 8 бабында белгіленген шарттардың кез келгеніне сәйкес келмесе, қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтінішті қабылдаудан бас тартуға құқылы.
7. Клиринг орталығы корреспондент-банкке көрсетілген өтінішті алғаннан кейін бір сағат ішінде, ақша аударымы оның бірыңғай шектелімінің теріс мәнін немесе осы Ережелердің 8 бабының 2 тармағында көрсетілген сомалар айырмасының теріс мәнін қалыптастыруға әкеп соқпаған жағдайда, клиринг қатысушысына ақша аударуға нұсқау береді.

- Егер клирингілік қатысушы Клиринг орталығынан түсетін ақшаны есепке алу үшін бірнеше банктік шотты пайдаланған жағдайда, клирингілік қатысушы Клиринг орталығына Клиринг орталығы ақшаны есепке жатқызуы тиіс банктік шотты көрсете отырып, осы Ережелерге 6 қосымшаның нысаны бойынша өтініш береді.

Әрбір мұндай өтінішке клирингілік қатысушының уәкілетті тұлғасы қол қоюға және осы Ережелерге 3 қосымшада көрсетілген осындай өтініштерді клирингілік қатысушылардан қабылдау уақытына дейін Клиринг орталығына ұсынылуға тиіс.

Клиринг орталығының ақшаны есепке алу үшін банктік шоты көрсетілген клирингілік қатысушының өтініші Клиринг орталығына "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық нысанда не қағаз тасымалдағышта ұсынылады.

- Клиринг орталығы осы баптың 8 тармағында көрсетілген өтінішті, егер онда көрсетілген банктік және/немесе корреспонденттік шоттардың деректемелері клирингілік қатысушы осы Ережелердің 4 бабына сәйкес Клиринг орталығына бұрын берген деректемелерге сәйкес келген жағдайда қабылдайды.
- Осы баптың 8 тармағында көрсетілген өтініш осы баптың 8 тармағының екінші абзацында белгіленген мерзімде ұсынылмаған кезде не оны Клиринг орталығы осы баптың 9 тармағына сәйкес қабылдамаған жағдайда, Клиринг орталығына бұрын ұсынылған клирингілік қатысушының өтінішінің соңғысының күші болады.
- Осы баптың 8 тармағында көрсетілген өтінішті орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Клиринг орталығы осы Ережелердің 12 бабында белгіленген жауаптылықта болады.

#### 8 бап.

#### **Клирингілік қатысушылардың қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтініштерді беру шарттары**

- "Ішінара қамтамасыз етілген" санатының клирингілік қатысушысы осы Ережелерге 7 қосымшаның нысаны бойынша Клиринг орталығына валюта нарығындағы сауда-саттық күні басталғаннан бастап осы Ережелерге 3 қосымшада белгіленген уақытқа дейін клирингілік қатысушының пайдасына қамтамасыз етуді валюта нарығындағы ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде оның сауда-клирингілік шоттары бойынша көрсетілетін, Клиринг ережесінде анықталғандай, өлшенетіндерді бірыңғай лимитпен қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың сомасына азайтылған ақша бойынша оның жоспарлы позициясының оң мәнінен аспайтын мөлшерде аудару туралы өтініш беруге құқылы.
- "Толық өтеумен" санатының клирингілік қатысушысы осы Ережелерге 7 қосымшаның нысаны бойынша Клиринг орталығына валюта нарығындағы сауда-саттық күнінің басынан бастап осы Ережелерге 3 қосымшада белгіленген уақытқа дейін клирингілік қатысушының пайдасына қамтамасыз етуді осы клирингілік қатысушы Клиринг орталығының корреспонденттік шотына (шоттары) есептеген ақша сомасы мен Клирингілік ережелерге сәйкес анықталған оның орындалмаған міндеттемелерін қамтамасыз ету сомасы арасындағы айырманың оң мәнінен аспайтын мөлшерде аудару туралы өтініш беруге құқылы.
- Клирингілік қатысушының пайдасына қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтініш Клиринг орталығына клирингілік қатысушының уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдана отырып, "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық нысанда XML-форматта ұсынылады.

4. Клирингілік қатысушылардан осы баптың 1 және 2 тармақтарында көрсетілген қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтініштерді қабылдау жүзеге асырылатын уақыт осы Ережелерге 3 қосымшада анықталған.
5. Осы баптың күші клирингілік қатысушының кепілдік жарнасын қайтару жағдайларына қолданылмайды. Кепілдік жарнаны қайтарудың шарттары мен тәртібі Клирингілік ережелерде белгіленген.

**9 бап.**

**Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау**

1. Клирингілік қатысушы сауда-саттық күнінің және клирингтің нәтижелері бойынша өзінің банктік шотына (шоттарына) аударылуға тиіс ақшаны Клиринг орталығының корреспонденттік шотында осы Ережелерге 5 қосымшаның нысаны бойынша Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтініш беру жолымен сақтауға құқылы.
2. Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтініш бір жолғы (ағымдағы күні әрекет етеді) немесе тұрақты әрекет ететін (белгілі бір мерзімсіз) болуы мүмкін. Клирингілік қатысушылардан Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтініштерді қабылдау уақыты осы Ережелерге 3 қосымшада белгіленген. Клиринг орталығы көрсетілген уақыттан кейін қабылдаған өтініш осы өтініш белгілі бір мерзімсіз (тұрақты қолданылатын) қолданыста болған жағдайда келесі жұмыс күнінен бастап орындалады.
3. Осы Ережелерге 5 қосымшаның нысаны бойынша өтінішке клирингілік қатысушының уәкілетті тұлғасы қол қояды және ол "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық нысанда не қағаз тасымалдағышта ұсынылуға тиіс.

**10 бап.**

**Шетел валюталарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезіндегі шектеулер**

1. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарына сәйкес есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға немесе одан бас тартуға құқылы.
2. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасына сәйкес осы баптың 1 тармағына сәйкес тоқтатылған есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі операцияларды жүргізуді қайта бастайды.
3. Клирингілік қатысушыны, клирингілік қатысушының клиентін немесе оның бенефициарлық меншік иесін террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізіміне, терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне қосқан кезде Клиринг орталығы Клиринг орталығының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде мұндай клирингілік қатысушының операцияларын тоқтату жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.
4. Клирингілік қатысушыға, клирингілік қатысушының клиентіне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне Клиринг орталығы үшін қандай да бір тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін халықаралық санкциялар/тыйым салулар/шектеулер және өзге де шаралар қолданылған жағдайда, Клиринг орталығы осы клирингілік қатысушымен

есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі операцияны жүргізуден біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

Клирингілік қатысушыны, оның акционерлерін/қатысушыларын, бенефициарлық меншік иелерін, клирингілік қатысушы санкциялық тізімдер бойынша қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін ұсынатын корреспондент банктердің деректемелерін тексеруді Клиринг орталығының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжатына сәйкес КЖ/ТҚҚ бөлімі жүзеге асырады.

#### **11 бап. Клирингілік қатысушының төлем тәртібін бұзуы**

1. Клирингілік қатысушының төлем тәртібін бұзуы болып:
    - 1) осы клирингілік қатысушының нетто-міндеттемесінің сомасын Клиринг орталығының корреспонденттік шотына есеп айырысу жүзеге асырылған күні есепке жатқызбауы немесе толық емес көлемде есепке жатқызуы;
    - 2) клирингілік қатысушының есеп айырысу-клирингілік сессияларды өткізу уақытын регламенттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатында белгіленген валюта нарығындағы сауда-саттық бойынша нетто-міндеттемелерді орындау үшін есеп айырысу мерзімдерін бұзуы;
    - 3) осы Ережелердің 6 бабына сәйкес клирингілік қатысушыны ақша аудару туралы хабардар ету шарттарының бұзылуы танылады.
  2. Клирингілік қатысушының төлем тәртібін бұзуы Клиринг орталығының осы клирингілік қатысушының нетто-талаптарын орындамауы үшін сөзсіз және жеткілікті негіз болып табылады.
  3. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген жағдайлардың кез келгені анықталған кезде Клиринг орталығының есеп айырысу бөлімшесі Клирингілік ережелерде көзделген шараларды қабылдау үшін Клиринг орталығының клирингілік бөлімшесіне осындай жағдай туралы ақпарат береді.
  4. Төлем тәртібін бұзуға жол берген клирингілік қатысушының міндеттемелерін реттеу тәртібі Клирингілік ережелерде белгіленген.
  5. Клирингілік қатысушы төлем тәртібін бұзғаны үшін Клиринг орталығының пайдасына:
    - 1) төлем тәртібін бірінші бұзған кезде үш күнтізбелік ай ішінде осындай бұзушылық болған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде;
    - 2) төлем тәртібін қайталап бұзған кезде алдыңғы бұзушылық күнінен бастап есептелетін күнтізбелік үш ай ішінде осындай бұзушылық күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген мөлшерінде (әрбір осындай бұзушылық үшін) айыппұл төлеуге міндетті.
- Егер төлем тәртібін бұзушылықтар арасында күнтізбелік үш айдан астам уақыт өтсе, онда бірінші кейінгі бұзушылық үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мөлшерде айыппұл есептеледі.
6. Осы баптың 5 тармағында көрсетілген айыппұлды клирингілік қатысушы Клиринг орталығы тиісті төлем шотын және Ережелерге сәйкес бұзушылық нормаларын түсіндіре отырып, хабарламаны ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.
  7. Клирингілік қатысушы, егер төлем тәртібін бұзу мән-жайларын қарау барысында клирингілік қатысушы қызмет көрсететін банкке Клиринг орталығының пайдасына ақша аударуға нұсқаулықты осы Ережелерде белгіленген мерзімнен кешіктірмей бергені және клирингілік қатысушының

қызмет көрсететін банкі аталған нұсқаулықтарды көрсетілген мерзімнен кешіктірмей орындағаны анықталған болса, Клиринг орталығы Басқармасының шешімі бойынша осы баптың 5 тармағында көрсетілген айыппұлды төлеуден босатылуы мүмкін. Бұл ретте төлем тәртібін бұзу Клиринг орталығының корреспонденттік шотына оған қызмет көрсететін банктің ақшаны кеш есептеуіне байланысты болды.

**12 бап. Клиринг орталығының клиринг қатысушысының талаптарын орындамауы**

1. Клиринг орталығының осы Ережелердің 13, 14 баптарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, клирингтік қатысушының талаптарын орындамауы болып:
  - 1) клирингтік қатысушының банктік шотына есеп айырысу жүзеге асырылған күні осы клирингтік қатысушының алдындағы Клиринг орталығының қорытынды міндеттемесінің сомасын есепке жатқызбау немесе толық емес көлемде есепке жатқызу;
  - 2) клирингтік қатысушының ақшаны қайтару жөніндегі орындалуға жататын талабының сомасын есепке жатқызбау немесе толық емес көлемде есепке жатызу;
  - 3) Клиринг орталығының осы клирингтік қатысушы алдындағы міндеттемелерін төлеуге төлемді жүзеге асыру кезінде клирингтік қатысушының банк шотының деректемелерін бұзуы;
  - 4) Клиринг орталығының осы Ережелердің 3 қосымшасында белгіленген валюта нарығындағы сауда-саттық бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламентін бұзуы танылады.
2. Клиринг орталығы талаптарын орындамаған клирингтік қатысушы келтірілген залалды және/немесе тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы өтінішпен Клиринг орталығына жүгінуге құқылы.

**13 бап. Клиринг орталығының жауапкершілігін шектеу**

1. Клиринг орталығы:
  - 1) егер осы клирингтік қатысушы Клиринг орталығы алдындағы өз міндеттемесін сол күні орындамаса, қандай да бір күні клирингтік қатысушының талаптарын;
  - 2) егер осы клирингтік қатысушыға, оның бас ұйымына немесе бенефициарлық меншік иесіне қатысты қосымша тексеру және/немесе сәйкестендіру және/немесе ақша аудару мүмкіндігін бағалау процедуралары немесе Клиринг орталығының корреспондент-банкінің осы клирингтік қатысушыға ақша аударуға Клиринг орталығының тапсырмасын орындамауы, толық немесе уақтылы орындамауы оның салдары болып табылатын өзге де процедуралар жүргізілсе, клирингтік қатысушының талаптарын орындамағаны және/немесе есептемегені және/немесе толық емес көлемде есептегені үшін жауап бермейді.
  - 3) клирингтік қатысушыға, клирингтік қатысушының клиентіне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне санкциялық шектеулер қолданылған жағдайда клирингтік қатысушының талаптары *(осы тармақша Клирингтік орталықтың Директорлар кеңесінің 2024 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.
- 1-1. Клирингтік орталық клирингтік қатысушыға, клирингтік қатысушының клиентіне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне санкциялық шектеулер қолданылған жағдайда осы Ережелердің 2 бабының 4 тармағына сәйкес шетел валюталарымен сауда-

саттық бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырудан бас тартқаны үшін жауапты болмайды *(осы тармақ Клирингілік орталықтың Директорлар кеңесінің 2024 жылдың 01 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.

2. Клирингілік орталық клирингілік қатысушылардың талаптарын уақтылы орындау үшін өз құзыретіне кіретін шараларды қабылдайды *(осы тармақ Клирингілік орталықтың Директорлар кеңесінің 2024 жылдың 01 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Кез келген жағдайда Клиринг орталығы төлейтін тұрақсыздық айыбының мөлшері клирингілік қатысушының орындалмаған талабы (клирингілік қатысушылардың орындалмаған талаптары) мөлшерінің 0,05%-нан аспауы тиіс, ал ішінара орындалған жағдайда – тұрақсыздық айыбының мөлшері талаптың орындалмаған бөлігі мөлшерінің 0,05%-нан аспауы тиіс.

#### **14 бап. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары**

1. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп:
  - 1) өрт (бірақ өртемеу), жер сілкінісі және өзге де дүлей зілзалалар, соғыс, әскери іс-қимылдар, эпидемия, төтенше жағдай жариялау, террорлық актілер, халықтық толқулар, ереуілдер, локауттар, эмбарго, мемлекеттік органдар белгілеген тыйым салулар мен шектеулер;
  - 2) Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушылар теңгемен және/немесе шетел валютасымен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық Төлем Корпорациясы" АҚ бағдарламалық-техникалық құралдарының жарамсыздығы түсініледі.
2. Жалпыға бірдей белгілі фактіні қоспағанда, Қазақстан Республикасының тиісті (құзыретті) органының немесе тиісті мемлекеттің өзге де құзыретті органының (ұйымының) құжаты осы баптың 1 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мән-жайлардың ішінен еңсерілмес күш мән-жайларының басталу фактісін растайтын және оның қолданылу ұзақтығын анықтайтын құжат болып табылады.
3. Осы баптың 1 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу фактісін растайтын және оның қолданылу ұзақтығын анықтайтын құжат "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық Төлем Корпорациясы" АҚ-ның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қойған анықтама немесе өзге құжат болып табылады.
4. Еңсерілмейтін күш мән-жайының туындауына байланысты есеп айырысуды жүзеге асыру мүмкін болмаған тұлға осындай есеп айырысулар шеңберінде еңсерілмейтін күш мән-жайының басталғаны, оның қолданылуының болжамды мерзімі және оның тоқтатылғаны туралы бенефициарларды кез келген қолжетімді хабарлау құралымен дереу хабардар етуге міндетті.

Егер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұлға клирингілік қатысушы болып табылса, мұндай клирингілік қатысушы Клиринг орталығына осы баптың 2 тармағында немесе 3 тармағында көрсетілген құжатты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.
5. Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушы (қатысушылар) талаптарды және/немесе міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзғаны үшін, егер мұндай бұзушылық тиісті талаптар және/немесе міндеттемелер туындағаннан кейін басталған және Клиринг орталығы және/немесе клирингілік қатысушы (қатысушылар) алдын ала болжай алмаған немесе алдын ала алмаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының ықпалынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде есеп айырысуларды жүзеге асыру мерзімдері осындай мән-жайлардың әрекет ету уақытына мөлшерлес кейінге шегеріледі.

**15 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Реттеу тәртібі осы Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленбеген шетел валюталарымен сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты жағдайлар, сондай-ақ шетел валюталарымен сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты кез келген даулар келіссөздер жолымен шешілуге тиіс. Мұндай шешу мүмкін болмаған жағдайда – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.
2. Осы Ережелерге қажеттілігіне қарай, бірақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайларды қоспағанда, осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендірілуге жатады. Осы Ережелерді өзектендіру жауапкершілігі Клиринг орталығының есеп айырысу бөлімшесіне жүктеледі.

Басқарма төрайымы

Н. Хорошевская



Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

**1 қосымша**

**Теңгедегі банктік шоттың  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

(клирингтік қатысушының атауы)	парақ <sup>1</sup>
Беру күні мен уақыты	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгендерге қосымша <sup>2</sup>
Банктік шоттың деректемелері қолданыла басталған күн	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгендердің орнына <sup>2</sup>
Клирингтік қатысушының банктік шотының түрі	<input type="checkbox"/> Бірінші рет беріледі <sup>2</sup>
	<input type="checkbox"/> меншікті ақшаны есепке алуға арналған меншікті банктік шот <sup>2</sup>
	<input type="checkbox"/> клиенттік ақшаны есепке алуға арналған меншікті банктік шот <sup>2</sup>

Бенефициардың атауы <sup>3</sup>	
Банктік шоттың нөмірі (ЖСК <sup>4</sup> )	
БСН <sup>5</sup>	
Бенефициар банктің атауы <sup>6</sup>	
Бенефициар банктің БСК <sup>7</sup>	
Кбе <sup>8</sup>	

<sup>1</sup> "n-ден X парағы" форматында.

<sup>2</sup> Қажетті нұсқаны × немесе ✓ белгісімен белгілеу керек

<sup>3</sup> Осы Қосымшада бенефициар деп клирингтік қатысушы түсініледі.

<sup>4</sup> Банк шотының нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру коды.

<sup>5</sup> Клирингтік қатысушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

<sup>6</sup> Клирингтік қатысушының банктік шоты ашылған банктің атауы.

<sup>7</sup> Клирингтік қатысушының банктік шоты ашылған банктің банктік сәйкестендіру коды.

<sup>8</sup> Бенефициардың коды.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолтаңба]

[Тегі, аты-жөні]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолтаңба]

[Тегі, аты-жөні]

Қолтаңбалар тексерілді

(Клиринг орталығының тексерген жұмыскерінің жеке мөрі,  
тексеру күні)

Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

**2 қосымша**

**Шетел валютасындағы банктік шоттардың  
ТІЗІМІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

(клирингтік қатысушының орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы / SWIFT- RUR6 <sup>3</sup> транслитерациясында)	Парақ <sup>1</sup>
	(валюта коды <sup>2</sup> )
Беру күні мен уақыты	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгендерге қосымша <sup>4</sup>
Банктік шоттың деректемелері қолданыла басталған күн	<input type="checkbox"/> Бұрын берілгендердің орнына <sup>4</sup>
Клирингтік қатысушының банктік шотының түрі	<input type="checkbox"/> Алғаш рет беріледі <sup>4</sup>
	<input type="checkbox"/> меншікті ақшаны есепке алуға арналған меншікті банктік шот <sup>4</sup>
	<input type="checkbox"/> клиенттік ақшаны есепке алуға арналған меншікті банктік шот <sup>4</sup>
Қызмет көрсететін банктің атауы және мекенжайы <sup>5</sup>	
Клирингтік қатысушының банктік шотының нөмірі	
Клирингтік қатысушының SWIFT BIC (бар болса)	
Қызмет көрсететін банктің SWIFT BIC және өзге де сәйкестендіргіштері	
Делдал банктің атауы, мекенжайы және SWIFT BIC <sup>6</sup>	
Қызмет көрсететін банктің БСК және ЖСН <sup>7</sup>	
Қызмет көрсетуші банктің РФ ОБ <sup>8</sup> -дағы корреспонденттік шоты <sup>7</sup>	

<sup>1</sup> "n-нен X парағы" форматында. Валютаның әрбір түрі бойынша деректемелердің жеке тізімі беріледі.

<sup>2</sup> Валютаның кодтық белгісі – USD, EUR, RUB, CNY.

<sup>3</sup> Орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы. Ресей рубліндегі деректемелерді рәсімдеу кезінде SWIFT- RUR6 транслитерациясындағы атауды да көрсету қажет.

<sup>4</sup> Қажетті нұсқаны × немесе ✓ белгісімен белгілеу керек.

<sup>5</sup> Ресей рублінде деректемелерді толтыру кезінде орыс тілінде және SWIFT- RUR6 транслитерациясында атауын көрсету қажет.

<sup>6</sup> Делдал банк болған жағдайда толтырылады.

<sup>7</sup> Деректемелерді рәсімдеу кезінде ресей рублімен толтырылады.

<sup>8</sup> Ресей Федерациясының Орталық Банкі.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолтаңба]

[Тегі, аты-жөні]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[қолтаңба]

[Тегі, аты-жөні]

Қолтаңбалар тексерілді  
(Клиринг орталығының тексерген жұмыскерінің жеке мөрі, тексеру күні)

Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

**3 қосымша**

**Валюта нарығындағы мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру  
РЕГЛАМЕНТІ**

(есеп айырысу жүзеге асырылған күнгі Астана қаласының уақыты көрсетілген).

**1 кесте. Клирингілік қатысушының пайдасына қамтамасыз етуді аудару туралы өтініштер**

Валюта	Клиринг орталығына өтініш берудің соңғы уақыты	Клиринг орталығының ақшаны аударуының соңғы уақыты*
A	1	2
KZT	17.00	18.00
USD, EUR, RUB	17.00	18.00
CNY	13.00	14.00

**2 кесте. Клиринг орталығының қорытынды міндеттемелерді орындауы**

Валюта	Клиринг орталығының ақша аударуының соңғы уақыты**
A	1
KZT	18.00
USD, EUR, RUB	18.00
CNY	14.00

**3 кесте. Қосымша сауда-саттық сессиясының қорытындылары бойынша есеп айырысулар**

Валюта	Клиринг орталығының ақша аударуының соңғы уақыты**
A	2
KZT	19.00
USD	19.00

**4 кесте. Клиринг орталығының ақшаны есептеуі үшін банктік шотты көрсету туралы өтініштерді және Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы өтініштерді қабылдау**

Валюта	Клиринг орталығының өтініштерді қабылдауының соңғы уақыты
A	1
ТЕҢГЕ	16.00
USD, EUR, RUB	16.00
CNY	12.00

\* Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларға олардың өтініштеріне сәйкес ақша аударуға төлем тапсырмаларын (нұсқауларын) корреспондент банктерге беретін уақыт.

## Валюта нарығында мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері

---

\*\* Клиринг орталығының қорытынды міндеттемелерін төлеуге клирингілік қатысушыларға ақша аударуға Клиринг орталығы корреспондент-банктерге төлем тапсырмаларын (нұсқауларын) беретін уақыт.

Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

**4 қосымша**

**Ақшаны есептеу туралы  
ХАБАРЛАМА**

"KASE клиринг орталығы" АҚ

(клирингтік қатысушының атауы)	Хабарламаны беру күні
	Хабарламаны беру уақыты
	Хабарлама қолданыла басталатын күн

Осымен жоғарыда аталған клирингтік қатысушы ол сатқан шетел валютасы "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның мынадай корреспонденттік шоттарына есептелетіні туралы хабаландырады:

Валюта	Корреспондент-банк	Жеткізілетін валюта сомасы*
USD		.000
		.000
EUR		.000
		.000
CNY		.000
		.000
RUB		.000
		.000

\* Сатылған шетел валютасы Клиринг орталығының осы валютадағы корреспонденттік шоттарының біріне ғана жеткізілген жағдайда толтырылмайды.

Осы хабарлама клирингтік қатысушы неғұрлым кештеу ұсынбағандықтан қолданылады.

Клирингтік қатысушыдан  (трейдердің қолы, тегі, аты-жөні)	Қолтаңба тексерілді  (Клиринг орталығының тексерген жұмыскерінің жеке мөрі, тексеру күні)
-----------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------

Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

5 қосымша

## Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаны сақтау туралы ӨТІНІШ

"KASE клиринг орталығы" АҚ

(клиринглік қатысушының атауы)	Өтінішті беру күн
	Өтінішті беру уақыты
	Өтініш қолданыла басталатын күн
Клиринглік қатысушының есепке алу шотының түрі <sup>1</sup>	<input type="checkbox"/> меншікті есепке алу шоты <sup>2</sup>
	<input type="checkbox"/> біріктірілген клиенттік есепке алу шоты <sup>2</sup>
	Біріктірілген клиенттік есепке алу шотының нөмірі <sup>3</sup>
Өтініштің қолданылу мерзімі	<input type="checkbox"/> бір жолғы <sup>2</sup>
	<input type="checkbox"/> тұрақты жұмыс істейтін <sup>2</sup>

Осымен жоғарыда аталған клиринглік қатысушы "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның корреспонденттік шотында ақшаны сақтау ниеті туралы мәлімдейді:

Валюта	Валюта сомасы (цифрлармен және жазумен) <sup>5</sup>
(валюта коды <sup>4</sup> )	

<sup>1</sup> Бөлім банктік емес ұйымдар болып табылатын клиринглік қатысушылардың толтыруына арналған.

<sup>2</sup> Қажетті нұсқаны × немесе ✓ белгісімен белгілеу керек.

<sup>3</sup> Бөлім Орталық депозитарийдің толтыруына арналған.

<sup>4</sup> Валютаның кодтық үш әріптік белгісі, мысалы: KZT, USD.

<sup>5</sup> Қоғамның корреспонденттік шотындағы барлық қол жетімді қалдықты сақтау ниеті болған жағдайда "Валюта сомасы (цифрлармен және жазумен)" бағанын толтыру талап етілмейді.

Осы өтініш клиринглік қатысушы өзге өтінішті неғұрлым кештеу ұсынбағандықтан қолданылады.

Клиринглік қатысушыдан  (трейдердің қолы, тегі, аты-жөні)	Қолтаңба тексерілді <input type="checkbox"/> Қабылданды <input type="checkbox"/> Қабылданбады Қабылдаудан бас тарту себебі: (Клиринг орталығының тексерген жұмыскерінің жеке мөрі, тексеру күні)
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

**6 қосымша**

**Клиринг орталығының ақшаны есептеуі үшін банктік шотты көрсету туралы  
ӨТІНІШ**

(клирингтік қатысушының атауы)	"KASE клиринг орталығы" АҚ
	Өтінішті беру күні
	Өтінішті беру уақыты
Өтініш қолданыла басталған күн	

Осымен жоғарыда аталған клирингтік қатысушы өзі сатқан шетел валютасына не ол сатып алған шетел валютасына ақы төлеуге теңгенің мынадай қызмет көрсететін банктердегі мынадай банк шоттарына аударылуы тиіс екеніні туралы хабарландырады:

Валюта	Қызмет көрсетуші банк <sup>1</sup> /банк шотының деректемелері <sup>2</sup>	Аударылатын валюта сомасы <sup>3</sup>
(валюта коды <sup>4</sup> )		

<sup>1</sup> Шетел валютасы үшін ғана толтырылады. Қызмет көрсететін банктің атауын ғана көрсету қажет. Өзге деректемелер Клиринг орталығына клирингтік қатысушы ұсынған қолданыстағы Шетел валютасындағы банк шоттарының тізіміне және деректемелеріне сәйкес анықталады.

<sup>2</sup> Клиринг орталығына клирингтік қатысушысы берген теңгедегі банк шотының деректемелері.

<sup>3</sup> Қазақстандық теңгені немесе шетел валютасын банктік шоттардың біреуіне ғана аударған жағдайда "Сома" бағанын толтыру міндетті емес.

<sup>4</sup> Валютаның кодтық белгісі – KZT, USD, EUR, RUB, CNY.

Осы өтініш клирингтік қатысушы неғұрлым кештеу ұсынбағандықтан қолданылады.

Клирингтік қатысушыдан  (трейдердің қолы, тегі, аты-жөні)	Қолтаңба тексерілді  (Клиринг орталығының тексерген қызметкерінің жеке мөрі, тексеру күні)
-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------

Валюта нарығында  
мәмілелер бойынша есеп  
айырысуды жүзеге асыру  
ережелеріне

**7 қосымша**

**Клирингілік қатысушының пайдасына қамтамасыз етуді аудару туралы**

**Ө Т І Н І Ш**

**Xml файлын қалыптастыру жөніндегі маманданым**

Кодтау – **utf-8**.

Файл міндетті өзгермейтін тақырыптаманы талап етеді:

**<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>**

Файл атауының мысалы: **XML22KASPI35.xml**

Файл атауының құрамы	Файл атауының секцияларын сипаттау
Формат атауы	Әрқашан XML22
Клирингілік қатысушының коды	5 таңба. Мысалы: KASPI
Хабарламаның реттік нөмірі	Әрқашанда хабар ішіндегі "NUMBER" өрісіндегі мәнге тең

Файлдың барлық тегтері **<MESSAGE>** негізгі тегінде бар. Мәні бос болса да, барлық тегтердің болуы міндетті. Жоғарғы тіркелім пайдаланылады.

Тегтер	Файл ішіндегі тегтердің сипаты
<NUMBER>	Міндетті түрде. Хабарламаның бірегей реттік нөмірі
<DATETIME>	Міндетті түрде. dd.mm.yyyy hh24: mi: ss форматындағы хабарламаны қалыптастыру күні мен уақыты, мысалы: 08.04.2024 14:00:55
<FIRMCODE>	Міндетті түрде. Клирингілік қатысушының коды
<BIN>	БСН, бар болса
<CURRENCY>	Міндетті түрде. Халықаралық форматтағы валюта коды, мысалы: KZT
<AMOUNT>	Шығаруға арналған сома, мысалы, 80000000.00. Бос мән барлық қолжетімді сома ретінде қабылданады.
<ACCOUNTTYPE>	Міндетті түрде. Ақша аудару жүзеге асырылатын есепке алу шотын таңдау үшін арнайы код.
<IBAN>	Банктік шоттың нөмірі. Егер көрсетілмеген жағдайда, бұрын берілген банктік шоттың деректемелері пайдаланылатын болады.
<TRADER>	Міндетті түрде. Уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық, кириллицада.

XML22 файлды толтыру мысалы:

Файл атауы:

XML22KASPI35.xml

Мәтін:

<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>

<MESSAGE>

<NUMBER>35</NUMBER>

<DATETIME>08.04.2024 14:00:55</DATETIME>

<FIRMCODE>KASPI</FIRMCODE>

<BIN>971240001315</BIN>

<CURRENCY>KZT</CURRENCY>

<AMOUNT>3000.00</AMOUNT>

<ACCOUNTTYPE>FXOWN</ACCOUNTTYPE>

<IBAN>KZ12345S000000678910</IBAN>

<TRADER> Иванов Михаил Михайлович </TRADER>



<MESSAGE>